

«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АСТАНЫ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

**2026 жылға арналған
мектеп оқушыларының
үлгілік мәзірінің құнын және
орта білім беру мекемелеріндегі
оқушылар үшін ыстық тамақ
ұйымдастыруды бекіту туралы**

Білім туралы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 2-тармағының 11) тармақшасын, 48-бабы 6-тармағын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Қаржылық және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу ережесін, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Тамақтандыруды ұйымдастыру ережесін, сондай-ақ Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтандыру Стандартының 3-тарауының 64, 66-тармақтарын орындау үшін, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығымен бекітілген **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2026 жылғы 1 сәуірден бастап Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы бекіткен 2026 жылғы 19 наурыздағы үлгілік перспективалық мектеп мәзіріне сәйкес орта білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін 2026 жылы ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

2. Бір оқушыға күніне бір реттік ыстық тамақтың құны үлгілік перспективалық мектеп мәзіріне сәйкес мынадай мөлшерде бекітілсін:

- 1-4 сынып оқушылары үшін - 887 теңге (ҚҚС қоса 1029 теңге);
- 5-9 сынып оқушылары үшін - 971 теңге (ҚҚС-мен 1127 теңге);
- 10-11 сынып оқушылары үшін - 1033 теңге (ҚҚС-мен 1199 теңге).

3. Бірінші басшылар 2026 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді жеткізушілермен жасалған шарттарға барлық өзгерістер мен толықтыруларға қол қойсын және тіркесін.

4. Бірінші басшылар «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесінде тіркеу функциясы бар аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы тегін тамақтануды алған білім алушыларды уақтылы есепке алуды қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғаны бекітсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Б.Мұсаханға жүктелсін.





Басшы

Қ. Сенғазыев

орынд: А. Ибрагимова
тел.: 55 69 20
e-mail: aigerim.ibragimova@astana.kz

Согласовано

Ибрагимова Айгерим Аманжоловна 27.03.2026 14:42

Тип документа	ОРД
Номер и дата документа	№ 686 от 27.03.2026 г.
Организация/отправитель	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АСТАНЫ
Получатель (-и)	ИБРАГИМОВА А.А. (ГЛАВНЫЙ СПЕЦИАЛИСТ)
Электронные цифровые подписи документа	 <p>Согласовано: Ибрагимова Айгерим Аманжоловна без ЭЦП Время подписи: 27.03.2026 14:14</p>
	 <p>Государственное учреждение "Управление образования города Астаны" Подписано: СЕНГАЗЫЕВ КАСЫМХАН МIIQ/AYJ...Wa78Y7mY= Время подписи: 27.03.2026 14:33</p>
	 <p>Государственное учреждение "Управление образования города Астаны" Подписано: АРГЫНБЕКОВА БАЛЫМ MIIРСAYJ...JOUTmjfM= Время подписи: 27.03.2026 14:40</p>
	 <p>Государственное учреждение "Управление образования города Астаны" Согласовано: МУСАХАН БЕКАРЫС MIIQ5AYJ...L7Mz+RbM= Время подписи: 27.03.2026 14:22</p>

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Ибрагимова Айгерим Аманжоловна